



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

mmgpress mangistaumunaigaz_jsc mmginfo

№04 (174), МАМЫР, 2024



ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨШПЕЙДІ...

Қай заманда да адам баласы үшін ерен еңбектің орны ерекше. Адал еңбек адамды ер атандырады, ұрпаққа үлгі етеді, мерей-шаттыққа бөлейді. Шынайы еңбек-шапағаты мол бірлік пен бағасы қымбат бақытқа жетелейтіні ақиқат. Еңбегі ел есінде қалған жандарды ұлықтау, ұрпаққа таныту - бүгінгі буынның парызы. Осы орайда Жетібай ауылында Еңбек Ері Салық Рысқалиевты еске алу шарасы өтті.



Салық Рысқалиұлы Атырау өңірінен Мағыстауға мұнай көзін барлау үшін жолданған алғашқылардың бірі болатын. 1958 жылдан ғұмырының соңына дейін «Маңғышлақ мұнай-газ барлау» тресінің Жетібай мұнай-газ барлау экспедициясында бұрғылау шебері болып еңбек еткен. Ол 1961 жылы Жетібай кен орнында мұнайдың мол қоры бар екенін іс жүзінде дәлелдеген адамдардың бірі еді. 1963 жылы Салық Рысқалиев басқарған бригада 3722 метр орнына 4999 метр тереңдікті бұрғылап, зор табысқа жетті. Осы ерлігі үшін 1966 жылдың шілдесінде Ленин орденімен марапатталып, Социалистік Еңбек Ері атағын иеленді. Еңбек ері Салық Рысқалиев 1973 жылы 48 жасында ауыр дерттен көз жұмып, Жетібай ауылының жанындағы Мешітбай әулие қорымында жерленді.

Еңбек еріне мемориалдық тақтаны ашу митингісі Жетібай кен орнындағы Мағыстау мұнайының алғашқы бұрқағы атқылаған №6-шы ұңғының басында алғашқы ашушыларға арналған стелла кешенінде өтті.

Жиынға Қарақия ауданының басшылығы, «Мағыстау мұнайгаз» акционерлік қоғамының басшылығы, еңбек ардагерлері мен қызметкерлері, Салық Рысқалиевтың ұрпақтары мен жақын туыскандары, Жетібай ауылының тұрғындары қатысты. Митингіде ҚР белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Қайролла Ережепов, Қарақия ауданы әкімінің орынбасары Санат Төкенов, «Мағыстау мұнайгаз» акционерлік қоғамы бас директорының әкімшілік және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Нұрпейіс Сәрсенбай, «Мағыстау мұнайгаз» Еңбек ардагерлері Кеңесінің төрағасы Тұрарбек Ахметов және Салық Рысқалиевтың қызы Аққүміс Рысқалиевалар сөз сөйледі.



Олар Мағыстау мұнайының ардагерлерін, соның ішінде алғашқы мұнайдың қызуын өз қолымен сезінген тұңғыш көш бастаушыларды еске алып, жиналғандарды - Салық Рысқалиевтің құрметіне арналған мемориалдық тақтаның ашылуымен құттықтады.

Аға буын геологтар мен мұнайшылардың ерен еңбегі атап өтіліп, еңбек ерлеріне арналған осындай ескерткіштер жас ұрпақтың еңбекқор азамат болып қалыптасуына өз септігін тигізетініне сенім білдірді.

Ескерткіш тақтаның ашылуынан кейін Жетібай кен орны мұражайының жанында тігілген киіз үйде еңбек ері марқұм Салық Рысқалиевтің құрметіне ас беріліп, Құран бағышталды. Еңбек ері Салық Рысқалиұлының ұрпақтары және мұнай-газ кешені қызметкерлерінің ардагерлер бірлестігі осы шараны ұйымдастырушыларға өз ризашылықтарын білдірді.



КӨМЕККЕ ӘРҚАШАН ДАЙЫНБЫЗ

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мұнайшылары көктемгі су тасқынынан зардап шеккен өңірлердің тұрғындарына көмек көрсетуді жалғастыруда. Ынтымақтастық пен қолдаудың белгісі ретінде компания жұмыскерлері зардап шеккен аймақтарға көмек көрсету мақсатында ақшалай қаражат жинауды ұйымдастыруға бірауыздан шешім қабылдады. Жұмыскерлердің қаражаты «Мұнайлы Өлке» қайырымдылық қорына аударылып, зардап шеккен тұрғындардың қажеттіліктеріне бөлінді.



Елді мекендерді топан судың басуы туралы хабар, бәріміздің де алаңдаушылығымызды туғызды, - дейді «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры Нұрлан Илмуханбетов. - Біздер ел басына туған осындай қиын-қыстау күндерде бірігіп, бір-бірімізге көмектесуіміз керек. Атап айтқанда, мұнайшылардың жиналған қаражатына, сондай-ақ Қоғамның Кәсіподақ комитетінің қаражатына біз Алматы қаласында жасақталған 20 киіз үй сатып алдық, қазір ол үйлер Ақтабе облысы Ойыл ауданының Қаратал ауылына жеткізілді. Бұл киіз үйлерде апатты үйлердің тұрғындары уақытша орналасатын болады. Сонымен қатар, ауыл тұрғындарына 20 газ жылу пушкалары мен шаруашылық тәшкелері жеткізілді. Әрине, біз көктемгі су тасқынының салдарын еңсеріп қалған зардап шеккен аймақтардың тұрғындары тез арада бұрынғы қалыпты өміріне қайта түседі деп үміттенеміз.



Бұдан бұрын жеке қорғаныс құралдары (арнайы киімдер, етіктер, қолғаптар және т.б.), 8000 қапшық, күректер сатып алынып, зардап шеккен аймақтарға жөнелтілген болатын, сондай-ақ біздің тарапымыздан техника (автобустар) жіберілгендігін де айта кету керек.

- Қазақ халқы әрқашанда бірлігі мен ынтымағы жарасқан ел, халқымыздың осы асыл қасиеті біздің топан судан зардап шеккен отандастарымызға көмек қол ұшын созуға мұрындық болды деп ойлаймын, - дейді Әлеуметтік саясат департаментінің директоры Асан Сақтапов. - Жоғарыда көрсетілген көмектен басқа, «Маңғыстаумұнайгаз» Ақтауда уақытша орналастырылған Атырау облысының 150 тұрғынын үш реттік тамақпен қамтамасыз етті. Құрық кентіндегі уақытша орналастыру пунктіне 1 млн. теңге қаражат бөлінді, сонымен қатар Жас мамандар кеңесінің бастамасымен зардап шеккен тұрғындарға гуманитарлық көмек (жеке гигиена құралдары, шаруашылық тауарлары, азық-түлік, киім-кешек, төсек-орын жабдықтары) жинау ұйымдастырылды. Мұндай қиын-қыстау сәттерде біздің күшіміз артып, бірлігіміз нығайып, кез-келген қиындықты жеңуге дайын жағдайда жұмыс істедік.

Мұнайшылардың табиғи апат салдарымен күресуге бірі қалмай белсенділік танытып түгел қатысқаны, өздерінің темірдей азаматтық жауап-



кершілігін танытқаны біздерге дем беріп, жаңа жеңістерге жетелейді. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ еңбек ұжымы су тасқынынан зардап шеккен тұрғындарға көрсететін көмегін қажет болғанынша жалғастыра береді. Біздің күшіміз - бірлікте!

АСПАЗДАРҒА АРНАЛҒАН ЖАТАҚХАНА



Жетібай кен орнында күрделі жөндеуден өткен, жаңа жиназдармен толық жабдықталған № 2 жатақхана ашылды.

Бұл тұрғын кешен 32 адамға арналған. Жатақханаға алғашқы болып Caspian Food ЖШС асханасының қызметкерлері орналастырылды. Еске сала кетейік, қаңтар айында күрделі жөндеуден кейін № 4 жатақхана ашылған болатын.

Ал 2024 жылы Қаламқас кен орнында төрт жатақхананы (№ 8, 9, 10, 11) күрделі жөндеуден өткізу жоспарланған.

ӨРТТІҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Өндірістік нысандарда өрттің негізгі шығу себептері болып технологиялық жұмыс тәртібінің бұзылуы, электр жабдықтарының ақаулылығы, жабдықтардың жөндеу жұмыстарына нашар дайындығы, әртүрлі материалдардың өздігінен жануы, дәнекерлеу және отпен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздік шараларын сақтамау және тағы да басқалар жатады.

Сондықтан да «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ өрт қауіпсіздік қызметінің инженерлері және мемлекеттік емес өрт қауіпсіздік қызметінің нұсқаушылары өрттің алдын алу мақсатында нысандарда бақылау жұмыстарын жүргізіп отырады. Сонымен қатар аса қауіп бар отпен жұмыс жүргізу орындары өрт автокөлігімен бақылауға алынады.

Өрт айтып келмейді, сондықтан да кеңселерде, өндірістік бөлмелерде және аумақтарда әрдайым өрт қауіпсіздік ережелерін сақтау маңызды.

Өрттің алдын алу мақсатында өрт қауіпсіздік қызметінің инженерлері нысандарда жұмысшылармен өрт қауіпсіздігі жөнінде нұсқаулар, семинарлық сабақтар және адамдар көп шоғырланатын жатақхана, асхана, өндірістік бөлмелерде,

орталық қоймаларда өрт тактикалық жаттығулар өткізіп тұрады. Бұл сабақ, жаттығуларда жұмысшыларға алғашқы өрт сөндіру құралдарын дұрыс пайдалану, өрт кезіндегі алғашқы іс-әрекеттері, автоматты өрт дабыл қаққыштарының жұмыс істеу барысы, эвакуациялау жолдарын пайдалану әдістерімен таныстырылады.

Өрттің қай жерде және қашан шығуын болжау мүмкін емес. Ол кез келген уақытта қауіпсіздік және техникалық ережелерді сақтамаған кезде болып тұратын жайт.

Өрт кезінде не істеу керек:

- 101 немесе 112 номеріне дереу қоңырау шалып хабарлау;
- егер от ошағы кішкентай болса алғашқы өрт сөндіру құралдарымен сөндіруге тырысыңыз;



- электр жабдықтарын өшіріңіз;

- мүмкін болса есікті жауып, бөлмеден шығыңыз, ғимараттан шығу кезінде эвакуациялау жолдарын пайдаланыңыз;

- балалар мен қарттар болса шығуына көмектесіңіз;

- егер үй жайдан, бөлмеден, ғимараттан шығу мүмкіндігі болмаса түтін кіріп кетпес үшін кіретін есікті ішінен ылғал матамен тығыздаңыз, содан кейін балкон болса, шығып құтқарушыларды күтіңіз.

Өрт тілсіз жау - сондықтан да үйде болсын, жұмыс орындарында болсын өрт және техника қауіпсіздік ережелерін сақтап жүрейік ағайын.

**Қуаныш Қалниязов,
Өрт қауіпсіздігі қызметі**

Өз ісінің шеберлері



«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында «Үздік маман-2024» дәстүрлі кәсіби шеберлік конкурсының I-кезеңі аяқталды: «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ және «Жетібаймұнайгаз» ӨБ 116 жұмыскері үздіктердің үздігі құрметті атағы үшін күресті.




Конкурсқа Мұнай және газ өндіру жөніндегі операторлар, слесарь-жөндеушілер, қабат қысымын ұстап тұру жөніндегі операторлар, электр-газбен дәнекерлеушілер, ұңғымаларды зерттеу жөніндегі операторлар, химиялық талдау лаборанттары мен тауар операторлары қатысты.

Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер құрмет грамоталарымен және бағалы сыйлықтармен марапатталды, олар үшін тиісінше 100, 70 және 50 АЕК мөлшерінде біржолғы сыйлық көзделген болатын.

Сонымен қатар, Қоғамның кәсіподақ комитетімен бірлесіп 4-орынға ие болған қатысушыларға ынталандыру сыйлықтары табысталды.

Енді «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ мен «Жетібаймұнайгаз» ӨБ I-кезеңінің жеңімпаздары мен жүлдегерлері 22-23 мамырда Қаламқас кен орнында өтетін байқаудың екінші кезеңінде өзара сайысқа түседі.

Өз кезегінде, II-кезеңінің жеңімпаздары осы жылдың күзінде «Қаз-МұнайГаз» компаниялар тобының жұмыскерлері арасындағы конкурста өз ұжымының намысын қорғайтын болады.





МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

АРДАГЕРЛЕРІМІЗ – АРДАҚТЫЛАРЫМЫЗ

Тарихта таңбаланып қалған Екінші дүние-жүзілік соғыстың аяқталғанына 79 жыл толып отыр. Бүгінгі ұрпақ оның мәнін жете түсінеді. Өйткені, бізге дәл қазіргі тыныштық пен бейбіт өмір ержүрек ата бабаларымыздың қанымен келгенін ешқашан естен шығармайды. Аталарымыз майданға аттанғанда, олардың құрыш білегімен атқарылған шаруа тылда қалған аналар мен бозбалалардың иықтарына түскені белгілі. Яғни майдан мен тылдың біртұтас қимыл әрекеті Ұлы Жеңісті әкелді. Хамза Бүркітұлы Аязбай басынан аумалы-төкпелі кезең – ашаршылық, қуғын-сүргін, сұрапыл соғысты өткерген.

- Соғыс кезінде ауылдық жерде еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін жұмыс істеген. Белсенділер жұмсаған барлық жұмысты атқардым. Айлық деген болмайтын. Еңбегімізге күніге бидай, ұн, қант сияқты азақ-түлік беретұғын. Көп қиыншылық көрдік. Жас балалар көп өлді. Аштықтан, суықтан, аурудан көп қырылды. Жұмыс уақыты сағат таңғы алтыдан кешкі онға дейін еді... - деп еске алады бала кезінде көрген соғыс тауқыметін Хамза қария.

1 мамыр 1934 жылы Атырау облысы Мақат ауданында дүниеге келген Хамза Бүркітұлының әкесі бұрғылаушы, анасы моторист болған. Соғыс басталғанда ол ауыл мектебінде төртінші сныпта оқып жүр екен.

- Ол кездегі халықтың басынан кешкен қиындығын айтпаса да түсінікті шығар. «Қайтсек жерімізді аман алып қаламыз, қайтсек жеңіске жетеміз?» деп күні-түні дамыл таппай, еңбек еткен азаматтардың ерлігінің арқасы ғой барлығы. Қазір тыныш заман, дамыған елде өмір сүрудеміз. Балаларымыздың ұйқысы тыныш. Оған да шүкір. Ол кезде мектеп жасындағы ересек балаларға дейін Ұлы Жеңіс үшін жанқиярлықпен еңбек етті. Біздің балалық шағымыз ауыр еңбекпен, «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін» деген ұранмен өтті. Ол кезде негізгі жұмыстар қолмен атқарылатын. Әкем соғысқа барған жоқ, ол кезде әкемді бронға қойды. Үйде сегіз ағайындымыз. Жасым 10 да екі бала болып арбамен жұмысшыларға тамақ жеткіземіз. Қарнымыз аш, тойып тамақ ішкен емеспіз. 8 балаға 1 дана нан бере тұғын, жетпейді. Киімге келетін болсақ жалаңаш жүрдік,

әркімнің қалдық киімдерін кидік. Белсенділер жұмсаған барлық жұмысты атқардым. Айлық деген болмайтын. Еңбегімізге күніге бидай, ұн, қант сияқты азақ-түлік беретұғын. Көп қиыншылық көрдік. Жас балалар көп өлді. Аштықтан, суықтан, аурудан көп қырылды. Жұмыс уақыты сағат таңғы алтыдан кешкі онға дейін еді... - деп еске алады бала кезінде көрген соғыс тауқыметін Хамза қария.

Соғыс біткесін мектепті бітірген Хамза Бүркітұлы Баку қаласындағы мұнайшы дайындайтын училищеде оқып білім алады. Атырау өңірінде мамандығы бойынша жұмыс жасап мол тәжірибе алған Хамза Бүркітұлы 1965 жылы жұмыс бабымен киелі Маңғыстау жеріне қоныс тебеді. Жетібайда инженер лауазымында жұмыс атқарады. Кейіннен Ақтау қаласына көшкесін «ЮЖ УНПП» мекемесінде механик қызметін атқарып, әрі қарай әртүрлі басшы қызметтерінде болады. 1985 жылы «Жетібаймұнайгаз» №1 мұнай газ өндіру цехына мастер болып орналасып, кейін осы жерден зейнет жасына жетіп құрметті демалысына шығады. Бүгінде құдай қосқан қосағы Рая апамызбен 4 қыз 1 ұл тәрбиелеп, 4 немере 2 шөбере сүйіп отыр. Рая апамыз да Жетібай кеорнында 25 жыл лобарант қызметін атқарған.

Өткен қиыншылықтардың қайтарымы ретінде қазіргі таңда балаларының ортасында өмір сүріп отырғанына шүкіршілік етеді. Жастық



шағының алаңсыз күндерін ұрлаған сұм соғыстың ауртпашылығын көрген Хамза ақсақал:

- Осы бейбіт күннің қадірін біліп, еңбектің жалауын жықпаңдар. Еңбек етсең бәрі болады. Жалқаулық атты дерттен жастарымыз аулақ жүрсін деймін! Біз сол заманда жұмыс талғамайтынбыз, ал қазір оқу оқып, қалаған салаңа баруға болады ғой, сол үшін бүгінгі ұрпақ бақытты! Ендігі жерде еліміз жамандық көрмесе екен деймін! Балалар балалық шағының қызығын көрсе, үлкендер сол немере-шөберелерінің қызығына тоймай отырса деп тілеймін! - деп Хамза Бүркітұлы кейінгі ұрпаққа насихатын айтып, ақ тілегін тілеп отырады.

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы Басқармасы және ұжымы атынан Хамза Бүркітұлы Аязбай ақсақалды 90 жасқа толу мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Әр күнгі тілегі «Еліміз аман болсын» деп отыратын ақсақал - ауылдың жол бастар ақылшысы. Иә, Алла тілегіңізді берсін. Елімізде бейбітшілік болсын, бейбіт елдің ұландары көк байрағымызды көтере берсін!

"Қарттары бар ел – қазынасы бар ел" – деген сөз бар халқымызда. Тылдағы еңбек болмаса, майданда жеңіс те болмас еді. Жеңіс күні құтты болсын!

ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ...

Қалыптасқан дәстүр бойынша Жеңіс Күні қарсаңында "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ жас мамандары, қаһарлы соғыс күндері сол кезде бала болса да қан майданның қажетін қамтамасыз ету үшін еңбек еткен тыл ардагерлерінің, сондай-ақ басқа мемлекеттер аумағындағы жауынгерлік қимылдардың қатысушыларының үйлеріне барды.



Ардагерлердің үйлеріне құрылымдық бөлімшелер басшыларының бастауымен барған Жас мұнайшылар ардагерлерді жеңіс мереке-

сімен құттықтап, оларға сыйсияпат көрсетіп, арнайы дайындалған сыйлықтарды табыс етті. Өкінішке орай, майдангерлер қатары жыл

сайын сиреп келеді, бұл өмір заңдылығы! Өскекең ұрпақ ардагерлердің майдан мен тылда көрсеткен ерлігі мен ерен еңбегін әрқашанда



құрметтеп жадында сақтайды!

Ардагерлер жас мамандарды жылы қарсы алып, сол қиын-қыстау заманда басына түскен ауыртпашылықтар мен қиындықтарды естеріне алды. Тыл еңбеккерлері ауыл шаруашылығы мен зауыт-фабрикаларда дамыл таппай демалысыз жұмыс істеп, бүкіл ел армандап күткен жеңіс күнін барынша жақындатқан болатын. Соғыстан кейінгі жылдары да олар еліміздің игілігіне еңбек етуді жалғастырып, абырой мен атаққа бөленді.

Жас мамандар компаниямызда тіркелген жалпы саны 48 ардагердің үйлеріне барды. Мерекелік сыйлықтан басқа,

"Маңғыстаумұнайгаз" АҚ олардың әрқайсысына 332 мың теңге көлемінде материалдық көмек көрсетті.

Сіздердің көңіл бөліп қамқорлық көрсеткендеріңіздің өзі біздер үшін үлкен сыйлық деп жатты ардагерлеріміз.

- Ардагерлерімізге Ұлы Жеңіске қосқан үлестері үшін және соғыстан кейінгі бейбіт жылдардағы еңбегі үшін біздің алғысымыз шексіз, - деп атап өтті "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ жас мамандар кеңесінің төрағасы Ержан Есполов. - Біз олардың еңбектерін мәңгі бағалаймыз, жадымызда сақтаймыз және мақтан тұтамыз!

Жаны жайсаң Жаным



Туып-өскен жердің топырағында өніп, сол мекеннің гүлденуіне елеулі үлес қосып жүрген нәзік жандылардың бірі Жаным Сағындыққызы. 1983 жылы Еңбек Қызыл Ту орденді Қарағанды политехникалық институтының инженерлік құрылыс факультетін құрылыс инженері мамандығы бойынша тәмамдап, еңбек жолында Қоғамның «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы, «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы құрылымдық бөлімшелері бойынша жауапкершілік аймағында сала бойынша түрлі лауазымдарды атқарған ол, бүгінгі таңда «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының Әкімшілік шаруашылық бөлімінің меңгерушісі ретінде қызмет етеді. Сүйікті кәсібін

адал, жүрген ортасына сыйлы, еңбекқор жұмыскер жан Жанымның саналы ғұмыры өндіріспен біте қайнасып жатыр.

- Кез келген істі іліп әкету, оның тереңіне бойлап атқару мен үшін қалыпты жағдай. Бұл еңбектенуге үйреткен ата-анамның тәрбиесі болса керек. Жұмысты жауапкершілікпен сезініп, уақтылы орындау – басты қағидатым. «Қалауын тапсаң қар жанады» демей ме, ниетің мен икемің болса адамның қолынан келмейтін іс жоқ, - дейді мұнайымдық Жаным.

Лауазымдық қызметпен қатар мекемеішілік қоғамдық жұмыстарды да белсенді түрде атқаратын жұмыскер Жаным апай өндіріс ошағының сәні. Ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында кен орынға қатысты талай іс-

шаралардың басы-қасында жүретіндігіне де куә болып жүрміз. «Мұнайым» әйелдер энергетикалық клубына да шын жанашыр.

Биязы қалыпты, жүрегі жұмсақ Жаным өз ұжымдастарының арасында да құрметке ие. Жасының үлкендігін алға тартпай, ортақ жұмысты дөңгелендіріп әкететініне риза әріптесері оны «Жанапа» дейді екен.

- Жарты өміріміз жұмыста өтеді ғой енді. Ұжымда үлкен буын ағалар да, кіші буын інілер де сыйлайды. Алғаға шүкір, сыйластық пен ауызбіршіліктің арқасында бірге еңбек етіп келеміз ғой енді, - дейді ол.

Жаным Оразмағамбетова, жұмыскердің еселі еңбегін қашанда биік бағалайтын Компаниямыздан, сондай-ақ

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жұмыскерлерінің жергілікті кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің тарапынан, тіпті Маңғыстау облысының әкімінің, «Аманат» партиясының атынан да бір емес, бірнеше бағалы марапаттарға ие болған.

Жаным бүгінде төрт қыз, бір ұлды аяқтандырып, олардан өнген немере-жиендердің тәрбиесіне асқан байыптылықпен атсалысып жүрген ардақты әже. «Балаларым байлығым!» деп еміренген ананың асқақ арманы – солардың рақатын көру. Жұмыста темірдей тәртіпті ұстанатын, жұмыс талабына мұқият жұмыскер апаймыздың аналық тілегінің орындалуына біз де тілекшіміз.



Еркелетпей өзін, бойға жиған төзім...



«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы Әлеуметтік қамтамасыз ету департаментінің 1-санатты аудармашысы Екатерина Окопованың өзіндік өмір жолы, Компанияның дамуына қосып келе жатқан үлесі бар. Қоғам өміріндегі ресми маңызды құжаттарды ағылшын тіліне тәржімалау оның сүйікті ісі десек те болады. Өз ісіне мұқияттылығы, асқан жауапкершілікпен қарайтын қасиеті оның үлгі аларлық тұстарының бірі.

Өмірдің түрлі сынақтардан тұратындығын ескерсек, Катяның да мойынсұнған және соны жеңген ерлігі бар. Катя құдай қосқан қосағы Виталийге тұрмысқа шығып, бақытты күндерді бастан кешіп, шекесі торсықтай ұлды болады. Тұңғышы Дмитрийді қызықтап, 1 жас 10 айында балаларды дамыту орталығына берген олар, кенет, орталық педагогының «Балаңызды дәрігерге қаратыңыз. Аутизмнің белгісі бар» деген сөзінен секем алып қалады.

- Қалайша бұлай болуы мүмкін? Жүктілікті жоспарлап, саналы түрде шешім қабылдаған едік қой. Туғалы денсаулығынан ешбір дәрігер кінәрат

таппаған баланың ондай аурумен ауыруы мүмкін емес деп сенбедік. Тексерттік. Содан кейін сергелдеңге түскен күндер басталды ғой, - деп өткен күнді күрсіне еске алады Катя.

Кішкентай Диманың жасы төртке келгенде ғана диагнозы расталып, сырқатына байланысты мүгедек алуы ата-анасына ауыр соққы болған көрінеді. Бірақ сол кезде жолдасы оған: «Адам алдында не күтіп тұрғанын болжай алмайды. Баланың дүниеге келуінің өзі адамзатқа Хақтың берген сыйы. Көрерсің, бұл бала әлі-ақ бізді рақатқа бөлеп, үздіктердің үздігі болады» деп қолдау білдіргенін тілге тиек етті.

Катя сол кезден бастап әлеуметтік желілерден ақпараттар қарап, балаға қалай көмектесудің жолдарын іздей бастаған. Ауруды еш дәрігер де не маман да емдейтіндігіне көз жеткізген соң, өздерін қолға алып, жәй ғана қабылдаған. Баланы түрлі жетілдіру орталықтарына, тар бейінді мамандарға жетелей жүріп, оның дамуына мұрындық болған. Осы әрекеттерден соң бес жасқа толғанша сөйлемеген Димасы алғаш тіл қатып, «ЛОГОС» орталығында бәрін таңқалдырған.

- Диманы қатарластарымен бірдей дағды қалыптастыру үшін Н. Марабаев атындағы №97 мектеп-лицейі» КММ орта мектебінің жәй сыныбына бердік. Алғашында ұлым сабақ соңына

дейін шыдап отыра алмайтын. Үзілісті хабарлап соққан қоңырау дауысынан шошынып жылайтын еді. Оған ыңғайлы болсын деп шуылжұтқыш құлаққап сатып әпердік. Кейін бірте-бірте өзгеріс пайда болып, ол оқушылық өмірге икемделе бастады. Сол кезде бізге демеу беріп, осы күнге дейін қолдау көрсетіп келе жатқан анам мен енеме, мектеп директоры Гүлден Иманғалиеваға, сынып жетекшісі Ұлжан Байроновнаға, педагог-ассистент, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған инклюзивті білім беру маманы, тьюторы Эльвира Халитовнаға, репетиторы Андрей Сергеевичке алғысым шексіз. Дәл осы мамандар асқан шыдамдылықпен, кәсіби біліктілігімен Диманың тұлға ретінде қалыптасуына үлкен еңбек сіңірді, - дейді жанарына жас үйірілген Екатерина.

Адам айтса нанғысыз, бүгінгі Диманың жетістіктері көңіл қуантарлық екен. 3-сыныпты тәмамдайтын ол мектепішілік, қалааралық, облыстық олимпиаданың жүлдегері!

Ағымдағы жылдың наурыз айында 5-6 сыныптарға арналған қалааралық олимпиадаға 3-сыныптың атынан математика пәнінен қатысқан ол 25 ұпай алса, облыстық білім сайысында да жүлделі орынды да қанжығасына байлаған көрінеді. Ата-анасы диагнозы мен жас ерекшелігіне шаққанда бұл Диманың үлкен жетістігі деп бағалайды. Катяның айтуы бойынша Дима есеп шығарғанды жақсы көреді екен. Ұстазының айтуы бойынша сыныпта тапсырманы басқа оқушылардан бұрын орындайтын көрінеді. Үйде үлкендердің көмегіне де сүйенбей-ақ үй тапсырасын өзі орындап жүргені, әрине, ана мерейін өсіреді.



- Күні кеше мектепте өткен сайыста тьюторымен бірге «Тиімді қарым – қатынас үшін сөз құрастырушы. Аутизм спектрінің бұзылуы бар балаларға арналған лайфхактар» атты ғылыми жұмысты қорғап 2-орынға ие болды. Сын сағатта нақты деректерге өзі жауап беріп, бізді тағы да қуантты, - дейді бүгінде екі жеткіншекті тәрбиелеп отырған Катя қуанышын жасыра алмай.

Мен өзім Катямен бір кабинетте отырамын. Кейде оның бойынан адамгершілікпен бірге сыпайылықты, тәрбиелілікті, тіпті қазақылықты көремін. Амалда қазақша кәжекейін киіп, дастарханында ұлттық тағамдарды тұтынатындығына да куә болып жүрмін. Оның бауыр еті баласының адам болып қалыптасудағы жасаған әр қадамы, төзімділігі, қолдауы, белгілі бір нәтижеге жеткізгендігі көпке үлгі болуы тиіс деп ойлаймын. Десе де қазақтың «Сенің табаның кірген шеге менің мандайыма кірсін» дейтін ананың жанкештілігі Катяның да жүрегінде жатталғандай. Аналық үміті аласармаған әріптесімізге біз де тек сәттілік тілейміз. Жаратқан адамды баламен сынағанымыз.

Айсұлу Мұханова
ӘҚД аудармашысы

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ



МҰНАЙШЫЛАР ТУҒАН ЖЕРІМІЗДІҢ ТАЗАЛЫҒЫ ҮШІН

19 сәуірде "Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамы "Таза Қазақстан" республикалық экологиялық акциясының шеңберінде сенбілік ұйымдастырды. Табиғатты қорғау мақсатында Маңғыстау облысының ең көрнекті орындары болып танылған Қарақия ойпатын тамашалау алаңы мен ойпаттағы бұлақ көзі аймақтары қоқыстардан тазартылды.

Сенбілікке компанияның елуден астам қызметкерлері қатысып, үш тоннадан астам қоқыс жиналды.

"Бұл өңіріміздің бірегей табиғаты мен туған жеріміздің тазалығын сақтау мақсатында жасалған маңызды қадам. Біз табиғатымыздың тазалығы үшін күн сайын күресуге дайынбыз. Біз біріге отырып, өзіміздің және ұрпағымыздың болашағын жарқын қыла аламыз!" - деп түйіндеді сенбілікке қатысқандар.

26 сәуірде «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы жас мамандар кеңесінің мүшелері «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы шеңберінде сенбілік өткізу үшін Маңғыстау ауданындағы Тұшықұдық ауылына сапарға шықты.

Тұшықұдық ауылы Қаламқас кен орнына жақын орналасқан елді мекен, сондықтан компанияның әлеуметтік жауапкершілігі аясында осы ауылға мүмкіндігінше жәрдемдесіп отыру жақсы үрдіске айналған. Осы жолғы мақсат - Маңғыстау өлкесіндегі мемлекетіміздің қорғауына алынған тарихи нысандардың бірі - Айдар-ишан мешітінің басында сенбілік өткізу.

Айдар-ишан (1848-1922), Бұқарада білім алып, ислам ұстанымдарын ұстанған діни қайраткер болған. Құдайға қызмет етуді және халықтың игілігі үшін халықтың діни сауаттылығын көтеруді өзінің парызы санаған ұстаз ретінде елге белгілі болған тұлға.

Жас мамандар Тұшықұдық ауылына келісімен С.Жанғабылов атындағы орта мектепке барып, мектеп мұражайын тамашалады. 90 жылдан астам тарихы бар мектепте көптеген елімізге белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері білім алған.

Ауыл тарихымен танысқан жас мұнайшылар Айдар-ишан мешітіне барып зиярат еткесін, сенбілікті бастап кетті. Мешіттің жанындағы руханият үйінің айналасын қоқыстардан тазартып, 20-дан астам жеміс ағаштарының көшеттерін отырғызды. Мешіт орналасқан қорымның қоршауын көтеруге де жәрдемдесіп, біраз жұмыстар атқарды.

Мешіт басындағы шырақшы



Орынжан Рақметұлы көрсеткен көмектері үшін компания басшылығы мен сенбілікке қатысқан мұнайшыларға өз ризашылығын білдіріп, бата тілегін айтты.

Өткен аптада «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында Қарақия ойпатының тамашалау алаңының маңын қоқыстан тазартқан «Маңғыстаумұнайгаз» қызметкерлері келесі аптада Жас мамандар кеңесінің «Өз өлкенді таны» жобасы шеңберінде Сисем-Ата қорымында сенбілік өткізбекші.

Киелі Маңғыстау жерінде орналасқан түбектің ең қадірлі де қасиетті орны, атақты қорым – Сисем ата қорымы. Алты ғасырға жуық кезеңді қамтитын (13-19 ғасырлар) Сисем ата қорымы – ірі тарихи-архитектуралық кешен. 1982 жылдан бері

республикалық дәрежеде мемлекет қамқорлығына алынған қорымда 1,5 мыңға жуық нысан бар. Олардың 25 күмбез там, 100 астамы сағанатам мен сандықтас, 500 жуығы қойтас пен құлпытас.

Заманымыздың заңғары Әбіш Кекілбайұлының Маңғыстаудағы ескі қорымдар туралы айтқан бір пікірінде «Зираттар – әрі шекаралық белгі, әрі марқұмның өзі мен әулетінің әлеуметтік хал-ахуалының нақты куәлігі... Көшпелілер өз тарихын хатқа сенбей, тасқа сеніп қалдырғандай» деген сөздер бар. Расында да ескерткіштерге үңіліп қарар болсақ, ғасырлар қойнауында қалған біраз сырды ұғынуға болады. Бұл нысанның да басты құндылығы сонда. Келер ұрпақ тамырынан айрылып қалмау үшін осы секілді жәдігерлердің шашауын шығармай келесі ұрпаққа аманаттап кету ұлт үшін парыз.


Осынау құнды жәдігер, мәдени һәм

тарихи ескерткіштің аманаты «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мұнайшыларының мойнында. Әуелде ерікті қызмет ретінде басталған күтіп-ұстау жұмыстары кейін Маңғыстау облысы мәслихатының шешімімен ресми бекітіліп, Сисем ата қорымы маңғыстаумұнайгаздықтардың қамқорлығына өтті.

Жыл сайын көктемде Сисем-ата қорымына барып сенбілік өткізу «Маңғыстаумұнайгаз» мұнайшылары үшін жақсы үрдіске айналды. Биыл осынау киелі тарихи орынға компаниямыздың Жас мамандар кеңесінің мүшелері аттанды.

- Сисем-Ата қорымында сенбілік өткізу біздер үшін зор мәртебе! Атағы бүкіл қазаққа жайылған тарихи тұлғаларымыз жатқан киелі орынға келіп, қасиетті жердегі көне жәдігерлерді өз көзімізбен көру біздің туған жерімізге деген сүйспеншілігімізді молайтып, отансүйгіштік сеземімізді күшейтті десем артық айтпаған болар едім. Бұл жерде жас мамандар қорым аумағында тазалық және әрлеу жұмыстарын жүргізіп, зияраттап келушілерді отынмен, сумен қамтамасыз ету сияқты қызметтерді атқарды. Оған қоса, арнайы техника жеткізіліп, Қорым аумағына жеміс ағаштарының көшеттері отырғызылып, жоңышқа тұқымы шашылды, - дейді, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Жас мамандар кеңесінің мүшесі Ермек Кииков.

Иә, «Өлі жебемей, тірі байымайды» - деген сөз бар қазақта. Жас мамандарымыздың істеген игі істеріне алғысымызды білдіре отырып, киелі орында ата-баба аруақтарына арнап оқылған дұғаларыңыз қабыл болсын дейміз. Жақсы істеріміз жалғасын таба берсін, әріптестер!





«OSC» ЖШС ұжымындағы ардагер ұрпағы



Тұяқбай Мұсабайұлы Бименбетов 1917 жылы Маңғыстау облысында, Форт-Александровск, қазіргі Форт-Шевченко қаласында революциямен тұспа тұс дүниеге келген.

Маңғыстау өңірінен әскер қатарына топтап шақырылу 1939-1940 жылдары басталды. Тұяқбай Мұсабайұлы 1940 жылдың 8 қаңтарында әскер қатарына шақырылады. Бұл фин соғысына байланысты болса керек. Ұлы Отан соғысы басталған кезде Маңғыстау өлкесінде негізгі екі аудан – Маңғыстау және Форт-Шевченко аудандары болды. Міне осы шақырылуға Түйекең де ілікті. Бұлардың қатарында Шиланбай

Жарылғасынов, Қалмырза Жұмалиев, Кенжебек Нұрғабылов, Үбәйдолла Дүйсәлиев, Қанбек Егізбаев сияқты көптеген азаматтар болды.

Тұяқбай Бименбетов 1941 жылдың тамыз айынан бастап №151 ші атқыштар полкі құрамында ұрысқа дайындалды. Осы жылдың қыркүйек айында Кавказ үшін қанды айқас басталды. 1942 жылы аяғынан жарақат алып, 1943 жылдың сәуір айында әкем жазылып қайтадан №253 зеңбірек дивизион әскер бөліміне оралған Түйекең Кавказ, Солтүстік Кавказ майдандарындағы 46-шы армияның сапында соғыс қимылдарының



барлығына қатысып 1946 жылы елге оралған.

Көрсеткен ерліктері үшін «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік қызыл ту ордені», «3-дәрежелі Даңқ ордені», «2-дәрежелі Даңқ ордені» берілген, «Қызыл жұлдыз ордені» әскери наградаларымен марапатталған.

Осындай ерен ерліктері ескеріліп, бүгінгі уақытта қаламыздың «Мәңгілік алау» алейасында өз орнын тауып, Маңғыстаудың батырларының қатарында тұр.

Бейбіт еңбек жолында 1960 жылы «Гурьев облысы бойынша құрмет кітабына» жазылған, «Еңбекте үздік шыққаны үшін» және "Мал шаруашылығы қызметінің еңбек ардагері" медалдарымен марапатталған.

Қазіргі уақытта «OSC» ЖШС мекемесінде соғыс ардагері Тұяқбай Бименбетовтың кіші баласы Сырым Тұяқбайұлы Бименбетов арамызда 1993 жылдан механика саласында абыройлы еңбек етіп келеді.

«Oil Services Company» ЖШС

Чума – болезнь, которая еще существует

Факты о чуме, которые стоит знать всем.



Что такое чума?

Чума — это острая бактериальная зоонозная инфекция, вызываемая *Yersinia pestis*.

Данный возбудитель в естественных условиях сохраняется в организме восприимчивых животных, особенно грызунов.

Откуда взялась чума?

Команда исследователей из Института эволюционной антропологии Макса Планка в Лейпциге, Тюбингенского университета в Германии и Университета Стирлинга в Великобритании, изучив древний геном чумы, пришла к выводу, что местом рождения инфекции, спровоцировавшей эпидемию чёрной смерти, скорее всего, была Центральная Азия.

До этого считалось, что чума пришла в Европу из Китая. Однако единственные доступные археологические находки были сделаны в Центральной Азии, недалеко от озера Иссык-Куль на территории современного Кыргызстана.

Анализ ДНК из человеческих останков показал, что неизвестную эпидемию вызвала как раз бактерия *Yersinia pestis*.

Есть ли чума в современном мире, Казахстане?

В Казахстане площадь природных очагов чумы превышает 1 117 000 км², что равно примерно 41% территории страны. В республике зарегистрировано 7 природных и 15 автономных очагов чумы. В административном отношении природные очаги чумы расположены на территории Западно-Казахстанской области, Атырауской, Мангистауской, Актыбинской, Кызылординской, Туркестанской, Жамбылской, Алматинской, южной части Карагандинской области и южной части Восточно-Казахстанской областей. Начиная с 1975 по 2003 годы в Казахстане в 25 очагах чумы зарегистрировано 33 случая заболеваний чумой людей, из которых 21 умер, т. е. летальность от чумы составила 63,6%. Последние случаи заболеваний людей в Республике Казахстан были зарегистрированы в 2003 году.

Как можно заразиться чумой?

Чума — зоонозное заболевание. В основном оно встречается у грызунов и передаётся в популяциях, но животные могут передавать чуму другим млекопитающим.

Человек может заразиться чумой, если его укусит блоха заражённого грызуна, если он взаимодействовал с грызунами, которые умерли от чумы (заражённая кровь или ткани могут загрязнить кожу и попасть в организм), или находился в контакте с людьми или животными, заражёнными чумой (инфицированный гной или капли мокроты тоже переносят инфекцию).

В Мангистауской области источниками инфекции могут являться: большая песчанка, краснохвостая песчанка. Человек может заразиться также при прирезке и разделке больного чумой верблюда.

Как проявляется чума?

Существуют три формы чумы, и каждая из них проявляет себя по-разному. Бубонная чума может возникнуть, если человека укусила блоха от заражённого животного. Она характеризуется внезапным повышением температуры, ознобом, головной болью, слабостью и увеличением лимфатических узлов вблизи места укуса. Человек может жаловаться на боли в животе, тошноту, рвоту и диарею. Симптомы при своевременной медицинской помощи проходят через три-пять дней, но, если не лечить инфекцию, это может привести к летальному исходу.

Септическая чума возникает как осложнение бубонной чумы, которую не лечили, или может быть самостоятельной инфекцией. Помимо лихорадки, озноба, крайней слабости и болей в животе, она способна привести к внутренним кровотечениям. Кожа и другие ткани, особенно на конечностях, способны почернеть и начать отмирать. Лёгочная чума тоже иногда возникает без лечения бубонной или септической, а также сама по себе, если кто-то вдыхает капли слюны человека, заражённого такой чумой. У больных наблюдается лихорадка, головная боль, слабость и быстро развивающаяся пневмония. Они также жалуются на одышку, боль в груди, кашель и иногда — кровавую или водянистую мокроту.

Профилактика чумы

Специфическую профилактику чумы проводят вакцинацией. Профилактическим прививкам подлежит население, проживающее и работающее в природных очагах инфекционных заболеваний.

Почему чума не исчезает совсем?

В отличие от многих других инфекционных заболеваний, чума переходит в спячку. То есть её бактерии не мутируют, а просто ждут подходящего момента.

Аман Марат Қобыландыұлы
Врач эпидемиолог ТОО «Neiron-med»



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

CHAMPIONS CUP 2024

3 мая стали известны победитель и призеры волейбольного турнира «CHAMPIONS CUP 2024», организованного АО «Маңғыстаумұнайгаз» совместно с профкомом Общества.


В соревнованиях, которые проходили в спорткомплексе «Батыр», принимали участие команды из Каламкаса, Жетыбая и Актау.

В первом полуфинале команда из Каламкаса (ЦДНГ-4), обыграла коллег из центрального аппарата (Актау). В другой встрече победу также праздновали волейболисты Каламкаса (ЦППД), которые оказались сильнее нефтяников Жетыбая.

Таким образом в финале волейбольного турнира сражались две команды, представлявшие ПУ «Каламкасұнайгаз». В драматичном поединке золотые медали завоевали спортсмены ПУ КМГ (ЦДНГ-4).

В матче за «бронзу» победу одержала команда ПУ «Жетыбай-мұнайгаз».

- Лучший игрок турнира по волейболу – А. Хасанов (КМГ ЦДНГ-4);
- Лучший связующий – А.Надилов (КМГ ЦППД);
- Лучший либеро – А.Бейбитова (ЖМГ).



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ
 Меншік иесі - "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ
 Редактор: Есназар Сұлтанов
 Редакция алқасы: - С. Галидуллин
 - Ұ. Шадыбаева
 Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз:
 130000, Ақтау қаласы
 6 ш.а., № 1 үй,
 тел:
 212-035, 211-861
 211-885, 212-194
 Газет айына 1 рет
 шығады.
 Тегін таратылады

Газет ҚР
 Мәдениет және
 ақпарат
 министрлігінде
 есепке
 қойылып,
 № 9675 - Г
 күелігі берілген

- ▶ Газет жарияланымдарындағы көзқарасын білдірмейді
- ▶ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
- ▶ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.
 Индексі: 64265

«Атис» ЖШС
 баспаханасында
 басылды.
 Ақтау қаласы,
 «Дукат» ТҮ, 17 ш.а.,
 1 үй, 3 кеңсе
 тел: 8(7292)525 500